Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту

қағидаларын ұстанатыны көрсетілген. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.

Мектепалды даярлық сыныптарында және «Жауқазын» шағын орталығында іс-шаралар 2021-2022 оқу жылында өткізілген. «Алғыс айту» күні, «Аналар күні-8 наурыз» мерекесі, «Амал мерекесі», «Наурыз мерекесі», «Ұстаздар мерекесі», «Тәуелсіздік күні мерекесі» т.б. мерекелі күндерге іс-шара ұйымдастырылған. Аталған мерекелік шаралар ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепішілік жалпы саяхат, мектепішілік кітапханаға, акт залына саяхат, асханаға саяхат, экология бұрышына саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

**2022-2023 оқу жылындағы** мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеуге бағытталған. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «**Физикалық қасиеттерді дамыту**», «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**», «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**», «**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**», «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқын көрсетілген. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка пәнінің іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепішілік жалпы саяхат, мектепішілік кітапханаға саяхат, мектепішілік акт залына саяхат, мектепішілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Мектепалды даярлық сыныптарында және «Жауқазын» шағын орталығында мерекелік іс-шаралар уақытылы өткізілген. «Жаңа Жыл» мерекесі, «Алғыс айту» күні,«Аналар күні-8 наурыз» мерекесі, «Амал мерекесі»,«Наурыз мерекесі», «Алтын күз», «Ұстаздар мерекесі», «Тәуелсіздік күні мерекесі» т.б. мерекелі күндерге іс-шара ұйымдастырылған. Аталған мерекелік шаралар ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. «Оқу-Ағарту» орталығы ұйымдастырған «Жүйріктен жүйрік озар» олимпиадасына 40 тәрбиеленуші қатысып,жүлделі орындарға ие болды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиеленушілерге мектепке саяхат ұйымдастырылған, педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

**4.3.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.**

2020-2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ (2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

Мектепалды даярлық топтарында перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыбы мен Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері жазылған. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзіреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп,ҮІӘ өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Бағаланатын кезеңге мектепалды даярлық сыныбының және «Жауқазын» шағын орталығының тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп басшысының қолымен және мөрімен бекітілген.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 білім беру саласын қамтылған. Циклограммада тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

2020-2021,2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17 сағат, 3 сағат вариативті компонентке қарастырылған, апталық оқу жүктемесі 20 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут.

«Жауқазын» шағын орталығының «Ботақан» кіші тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 9 сағат, апталық оқу жүктемесі 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут.

«Жауқазын» шағын орталығының «Ботақан» ортаңғы тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 11 сағат, 1 сағат вариативтік компонент,апталық оқу жүктемесі - 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 15-20 минут.

«Жауқазын» шағын орталығының «Қошақан» ортаңғы тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 12 сағат, 2 сағат вариативтік компонент, апталық оқу жүктемесі 14 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген. Күн тәртібінде қабылдау, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуен, балалардың үйге қайтуы қаралған. Қабылдау уақыты: түске дейінгі уақытта $08^{30}$-$09^{00}$ оқу ұзақтығы: $9^{00}$-$12^{30}$ , түстен кейінгі уақытта $13^{30}$ - $13^{50}$, оқу ұзақтығы: $14^{00}$- $16^{45}$ (ата-аналармен байланыс).

Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ.

**2022-2023 оқу жылы**

Ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны «**Физикалық қасиеттерді дамыту**», «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**», «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**», «**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**», «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**» дағдылары бойынша сәйкес ұзақ мерзімді перспективалық жоспар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес жасалған. Циклограммада міндеті, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, баламен жеке жұмыс көрсетіле отырып жазылған.

2022-2023 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық сыныбында «**Физикалық қасиеттерді дамыту**», «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**» , «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**», «**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**» «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**» күн сайын қаралған және апталық жүктеме дене шынықтыру-3 сағат, сөйлеуді дамыту-2 сағат, көркем әдебиет-2 сағат, қазақ тілі-2 сағат, сауат ашу негіздер-3 сағат, математика негіздері-3 сағат, қоршаған ортамен таныстыру-2 сағат, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру-1сағат, музыка-2 сағат. Барлық апталық жүктемесі- 20 сағат. Үш сыныпта аптасына 60 сағат.

«Ботақан» кіші топ 2 жаста дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс әрекеттер күн сайын өткізілген.

«Ботақан» ортаңғы топ 3 жаста дене шынықтыру аптасына 3 рет,музыка аптасына 1 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын өткізілген.

«Қошақан» ересек топ 4 жаста дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына 2 рет, қазақ тілі аптасына 1 рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын өткізілген.

Жұмыстық оқу жоспарында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

Күн тәртібі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталған. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасының көшірмелері берілген. Папка №5

**5.Оқу-материалдық активтер**

**5.1.Ғимарат туралы мәлімет**

Оқу ғимаратының қаланған уақыты: 1973 жыл. Сыйымдылығы: 502 орындық. Құрылыс ауданы-1852,4, ғимараттың ауқымы-13675, жалпы алаңы-2823,9. Оқу ғимараты 2010 жылы соңғы рет күрделі жөндеуден өткен. Жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырған. 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрықпен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес.

Үй-жайдың мақсатына қарай орталықтандырылған су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған. Білім беру тілі: қазақ. Ауысым саны: 2. Өрттен сақтандыру дабыл қаққышы 2017 жылы қондырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға арналған 2 пандус, соның ішінде біреуі кірер есік тұсында, біреуі асханаға кірер есік тұсында.

Шағын орталық, мектеп алды даярлық үшін әмбебап кабинеті-3(көлемі 47,9, 49,6, 48,4м$^2$); Толық жабдықталған робототехника, информатика кабинеттері және 13 интерактивті панель тақта бар.

Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті: директор-1, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-1, психология -1, акт зал-146,1,6 м$^2$, спорт зал-151,4 м$^2$, кітапхана ауданы 17,6 м$^2$. **Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 және Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 бұйрықтарымен бекітілген бірлескен бұйрық негізінде білім беру ұйымдарының үй жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы талабына сәйкес мектепте 2017 жылы 16 бейне бақылау камералары, 2018 жылы шілдеде 8 бейнекамера, желтоқсанда 13 бейнекамера қондырылған, барлық 37 бейнекамера жұмыс жасап тұр.

**5.2.Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы.**

Мектепалды даярлық сыныбында және «Жауқазын» шағын орталығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген нормаларына сәйкес жабдықтар және жиһаздармен қамтылған. Материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырған. «Жауқазын» және мектепалды даярлық сыныптарында әр кабинетінде педагогке арналған 3 компьютер, 2 принтер бар. Сыныптар дөңгелек стол, парта, отырғыш, шкафтармен толық жабдықталған. Заттық-дамытушы ортаны қамтитын жабдықтармен соның ішінде жеке тұлғаны дамыту мақсатында ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен; жапсыру, сурет, құрастыру іс-әрекеттеріне қажетті құралдар мен балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Әр топта үстел үсті ойындары құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптары сақталған. Танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар, дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар, импровизациялауға ыңғайлы материалдар (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Сонымен қатар «Экология» бұрышында аквариум, тотықұс бар. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес жабдықтар қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды. Спорттық жабдықтар: шаңғы-33, шана-3, коньки-12,

футбол доптары- 6, обруч-12, эстафеталық ойындар үшін фишка-10, маты-6, турник-1, мостик-2, арқан-1, гимнастикалық қабырға -2. Интерактивті панель тақта-13

**Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы**

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған төрт орындық шкафтар саны- 75. Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ГОСТ 1106-93 сәйкес келеді.

(Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса берілген папка №6)

**6.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.**

**Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер**

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында әдістемелік ұсынымдардың 5 қосымшасына сәйкес оқу, көркем және ғылыми әдебиет қоры бар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қоры: жаратылыстану. Бритвина Е. Алматы кітап 2022ж- 57 дана, Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Әліппе дәптер. Қасымбекова Р. Алматы кітап 2022ж. - 80 дана, Қоршаған ортамен танысу. Сағиева С. Алматы кітап 2022ж. – 57 дана, Көркем әдебиет хрестоматия 2-5 жас.Жекенова С.Алматы кітап 2022ж. – 57 дана, Көркем әдебиет жұмыс дәптері№1,2. Әмірова Ә.Алматы кітап 2022ж.- 90 дана , Математика негіздері ж/д №1,2.Ақпаева Ә.Алматы кітап 2022ж. – 90 дана, Математикалық жазулар жұмыс дәптері. Ақпаева Ә.Алматы кітап 2022ж. – 57 дана, Сауат ашу негіздері ж/д.№1,2.Тұрсынбаева Г.Алматы кітап 2022ж. – 82 дана , Сөйлеуді дамыту жазу дәптері.Тұрсынбаева Г.Алматы кітап 2022ж. -90 дана , Сурет салу№1,2.Жұмабекова Ф.Алматы кітап 2022ж. – 90 дана , Жаратылыстану жазу дәптері.Бритвина Е.Алматы кітап 2021ж– 55 дана , Қарапайым математикалық ұғымдар№1,2ж/д.Ақпаева Ә.Алматы кітап 2021ж. -55 дана, Қоршаған ортамен танысу ж/д.Алматы кітап 2021ж. – 55 дана, Көркем әдебиет ж/д.Алматы кітап 2021ж. – 55 дана, Сауат ашу дәптері ж/д.Тұрсынбаева Г.Алматы кітап 2021 -55 дана, Сөйлеуді дамыту. Тұрсынбаева Г. Алматы кітап 2021ж. – 55 дана. Барлығы 1160 дана, оқу-әдістемелік кешендердің тізімі бар (Әдістемелік ұсынымдардың 5 қосымшасына сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің тізімі берілген папка №7).

**7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.**

**Тәрбие мен оқытудың нәтиежелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**

**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы.**

2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері жаңашаландырылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы№ 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілуіне байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің критерийлері мен индикаторлары, әдістері мен тәсілдері және есептеу әдістемесі жаңа форматта жүргізілген. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.

Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша жасалған.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

бар.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған: бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар.Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастыраған және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылған.

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу балаларды бақылау,әңгімелесу,бала әрекетінің өнімдерін талдау,жағдаяттар әдістері арқылы жүргізілген.

Диагностика жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында: бастапқы – қыркүйек, аралық – қаңтар, қорытынды–мамырда жүргізілген.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының мониторинг нәтижесі, бастапқы, аралық, қорытынды жиынтығы, бақылау парақтары, аудандық әдіскер жинақ есебі,жеке даму карталары жинақталған.

**Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері:**

2020-2021 оқу жылы **Мектепалды даярлық**

| № | Мониторинг | бала саны | І-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі | ІІ-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі | ІІІ-деңгей Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бастапқы | 79 | 31,7% | 44,5% | 23,8% | 100 % |
| 2 | Аралық | 79 | 23,8% | 47,8% | 28,4% | 100 % |
| 3 | Қорытынды | 79 | 9% | 38,% | 52,8% | 100 % |

2020-2021 оқу жылы **«Жауқазын»** шағын орталық

| № | Мониторинг | бала саны | І-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі | ІІ-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі | ІІІ-деңгей Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бастапқы | 50 | 36,4% | 36,4% | 27,2% | 100% |
| 2 | Аралық | 50 | 24,4% | 44,4% | 31,2% | 100% |
| 3 | Қорытынды | 50 | 23,2% | 36% | 40,8% | 100% |

2021-2022 оқу жылы **Мектепалды даярлық**

| № | Мониторинг | Мектепалды даярлық сыныбының бала саны | І-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың | ІІ-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың | ІІІ-деңгей жоғары деңгейдегі балалардың | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | үлесі | үлесі | үлесі | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бастапқы | 71 | 27% | 49,8% | 22,3% | 100 % |
| 2 | Аралық | 71 | 11,6% | 58,2% | 30,6% | 100 % |
| 3 | Қорытынды | 71 | 3,4% | 35,6% | 61% | 100 % |

2021-2022 оқу жылы **«Жауқазын»** шағын орталық

| № | Мониторинг | Бала саны | І-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі | ІІ-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі | ІІІ-деңгей жоғары деңгейдегі балалардың үлесі | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бастапқы | 50 | 27% | 43% | 30% | 100% |
| 2 | Аралық | 50 | 29,2% | 48,8% | 22% | 100% |
| 3 | Қорытынды | 50 | 20% | 43,2% | 36,8% | 100% |

**7.3. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің бастапқы нәтижелеріне болуы және талдауы:**

**2020-2021, 2021-2022оқу жылы** баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Мектепалды даярлық сыныбындағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қорытынды бақылау нәтижелері төмендегідей :

| | | 0 “А” | | 0 “Ә” | | 0 “Б” | | 0 “В” | | Барлығы игерген % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Барлығы топтар саны/ балалардың саны* | Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %* |
| 2020-2021о.ж | 4 | 1\21 | 21\90% | 1\21 | 21\90% | 1\17 | 17\90% | 1\20 | 20\92% | 4\79 | 79\90% |
| 2021-2022о.ж. | 4 | 1/15 | 15\93% | 1/16 | 16/100 % | 1/20 | 20/100% | 1/20 | 20/93% | 4/71 | 71/96% |

**«Жауқазын» шағын орталығы**

| | | «Ботақан» кіші тобы | | «Қошақан» ортаңғы тобы | | «Қошақан» ересек тобы | | Барлығы игерген % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Барлығы топтар саны/ балалардың | Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %* |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | саны* | |
| 2020-2021о.ж. | 3 | 1/32 | 32/84% | 1/5 | 5/100% | 1/13 | 13/69 % | 3/50 | 50/84% |
| 2021-2022 о.ж | 2 | 1/29 | 29/86% | | | 1/21 | 21/100 % | 2/50 | 50/93% |

__2022-2023 оқу жылы__ тәрбиеленушілердің даму мониторингілерінің жаңа форматы енгізілген. Осыған сәйкес «Жауқазын» шағын орталығында және мектепалды даярлық сыныбында қаңтар айында __аралық__ мониторинг жүргізілген. Мониторинг «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жасалған.

Диагностика жүргізуде қолданылатын әдістер: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу қолданылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалған. Әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу - білім беру процесін тиімді ұйымдастыру қаралған.

**2022-2023 оқу жылы мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша бастапқы даму мониторингінің нәтижелері**

**Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін аралық бақылау:**

2022-2023-оқу жылының 3 мектепалды сыныбы бойынша __бастапқы__ кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының сапалық көрсеткіші 69,2%, __бастапқы__ «**Денсаулық сақтау дағдылары»**- олардың ішінде жоғары деңгей – 20% , орташа деңгей – 52%, төмен деңгей – 28%. «**Коммуникативтік тілдік-дағдылары**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 19% , орташа деңгей – 41%, төмен деңгей – 40%, «**Танымдық дағдылар**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 24% , орташа деңгей – 45%, төмен деңгей – 31%, «**Шығармашылық дағдылар**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 26% , орташа деңгей – 47%, төмен деңгей – 27%, «**Әлеуметтік дағдылар**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 22% , орташа деңгей – 50%, төмен деңгей – 28% пайыз болғаны анықталды.

| № | Топ атауы | Топтағы бала саны | Дағдылардың қалыптасу деңгейі (%) | | | | | | | | | | | | | | | Үлгілік оқу бағдарламасының игерудің жалпы пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Денсаулық сақтау дағдылары | | | Коммуникативті- тілдік дағдылары | | | Танымдық дағдылар | | | Шығармашылық дағдылар | | | Әлеуметтік дағдылар | | | |
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | |
| 1 | Мектепалды даярлық «а» тобы | 25 | 7 | 10 | 8 | 8 | 9 | 8 | 6 | 9 | 10 | 7 | 5 | 13 | 6 | 10 | 9 | 73% |
| 2 | Мектепалды даярлық «ә» тобы | 24 | 9 | 11 | 4 | 9 | 11 | 4 | 9 | 11 | 4 | 9 | 11 | 4 | 9 | 11 | 4 | 63% |
| 3 | Мектепалды даярлық «б» тобы | 25 | 5 | 17 | 3 | 13 | 10 | 2 | 8 | 13 | 4 | 4 | 19 | 2 | 6 | 16 | 3 | 71% |
| | **БАРЛЫҒЫ:** | 74 | 28% | 52% | 20% | 40% | 41% | 19% | 31% | 45% | 24% | 27% | 47% | 26% | 28% | 50% | 22% | 69% |

Мектепалды даярлық сыныптарындағы аралық мониторинг көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін аралық бақылау:**

2022-2023-оқу жылының 3 мектепалды сыныбы бойынша __аралық__ кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының көрсеткіші 81%, __аралық__ «**Физикалық қасиеттерді**

**дамыту**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 40% , олардың ішінде орташа деңгей – 41%, олардың ішінде төмен деңгей – 19%. «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 34,3% , олардың ішінде орташа деңгей – 46,3%, олардың ішінде төмен деңгей – 19,4%., «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 35,6% , олардың ішінде орташа деңгей – 45,6%, олардың ішінде төмен деңгей – 18,8%, «**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 35% , олардың ішінде орташа деңгей – 45%, олардың ішінде төмен деңгей – 20%, «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**» - олардың ішінде жоғары деңгей – 35% , олардың ішінде орташа деңгей – 44,6%, олардың ішінде төмен деңгей – 20,4% пайыз болғаны анықталды.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы аралық мониторинг көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

| **5 жастағы балалар саны** | **Физикалық касиеттерді дамыту** | | | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | | | **Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | | | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | | | Барлығы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* |
| 24 | 29 | 43 | 28 | 32 | 37 | 31 | 32 | 38 | 30 | 31 | 37 | 32 | 33 | 35 | 32 | 31 | 38 | 31 |
| 24 | 58 | 33 | 9 | 38 | 55 | 7 | 48 | 45 | 7 | 41 | 52 | 7 | 38 | 54 | 8 | 45 | 47 | 8 |
| 25 | 33 | 47 | 20 | 33 | 47 | 20 | 27 | 54 | 19 | 33 | 46 | 21 | 34 | 45 | 21 | 25 | 57 | 18 |
| 73 | 40 | 41 | 19 | 34,3 | 46,3 | 19,4 | 35,6 | 45,6 | 18,8 | 35 | 45 | 20 | 35 | 44,6 | 20,4 | 36 | 45 | 19 |

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім

қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.
Мектепалды даярлық сыныптары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі, соның ішінде жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалар 81 %   құраған.

**<u>«Жауқазын» шағын орталығы</u>**

| Топ атауы | Балалар саны | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | | | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | | | **Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | | | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | *олардың ішінде дағдылары жоғары балалар* | *олардың ішінде дағдыларының орташа деңгейі бар балалар* | *олардың ішінде дағдылары төмен балалар* | |
| «Ботақан» кіші тобы | 12 | 25 | 42 | 33 | 25 | 45 | 28 | 25 | 42 | 33 | 25 | 42 | 33 | 25 | 42 | 33 | 68 |
| «Ботақан» ортаңғы тобы | 16 | 30 | 42 | 24 | 31 | 44 | 25 | 31 | 44 | 25 | 31 | 44 | 25 | 31 | 44 | 25 | 74 |
| «Қошақан» ересек тобы | 22 | 27 | 45 | 28 | 21 | 55 | 24 | 18 | 38 | 44 | 21 | 55 | 24 | 21 | 54 | 25 | 71 |
| | 50 | 28 | 43 | 29 | 26 | 48 | 26 | 25 | 41 | 34 | 26 | 47 | 27 | 26 | 47 | 27 | 71 |

«Жауқазын» шағын орталық бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде **<u>жоғары және орташа деңгейді көрсеткен</u> <u>балалар 71 %   құраған.</u>**

**«М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу-тәрбие жұмысына төмендегідей кемшіліктер**:

1. Тәрбиешілердің жаңа үлгідегі біліктілік санаттарының (педагог-шебер,педагог-зерттеуші,педагог-сарапшы,педагог-модератор) санының аздығы.
2. Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілердің құзіреттілік дағдыларын қалыптастыру үшін түрлі конкурстарға қатысымының төмендігі.
3.Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіп,түрлі зияткерлік байқауларға қатысымының төмендігі.

**Ұсыныстар:**

1. Тәрбиешілерді білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі біліктілік санаттарын (педагог-шебер,педагог-зерттеуші,педагог-сарапшы,педагог-модератор) көтерулерін жүйелі түрде өткізу, арнаулы орта білім деңгейлерін жоғары білімге жетілдіруін ұйымдастыру.
2. Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерімен құзіреттілік дағдыларын қалыптастыру үшін түрлі конкурстарға қатысуды жетілдіру.
3. Жалпы тәрбиеленушілердің дағдыларын қалыптастыру барысында әдістемелік жұмыстарды жетілдіру.
4. Тәрбиешілердің  кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру, іс-тәжірибелерін тарату үшін түрлі кәсіби байқауларға қатысымын арттыру.

**Қорытынды:** Өзін-өзі бағалау барысында білім сапасындағы нормаларына қайшы келетін құқықбұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді.

«М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау барысында білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау жұмысының нәтижесі бойынша «жақсы» деп бағалансын.

Мектеп директоры: С.М.Издина

М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің комиссия мүшелері:
Издина С.М.- комиссия төрағасы
Аманшеева А.Ж.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Абишова Р.С. -мектеп психологы
Кусегенова Р.У. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кыдралина А.А.-қосымша білім беру педагогы
Төрежанова А.К.-кәсіподақ ұйымының төрайымы
Байгонова Р.Н.-математика пәнінің мұғалімі